

Шығыс Қазақстан облысының 2002 жылға арналған жергілікті инвестициялық жобалары және жергілікті атқарушы органының қарыз алуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 15 маусым N 654

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 шілдедегі N 1082 P001082_ қаулысымен бекітілген Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу рәсімі жөніндегі ережеге сәйкес, сондай-ақ жергілікті тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жергілікті атқарушы органның қарыз алуы қаражаты есебінен қаржыландырылатын Шығыс Қазақстан облысының 2002 жылға арналған мынадай жергілікті инвестициялық жобаларына келісім берілсін:

- 1) 2000000000 (екі миллиард) теңге қаржыландыру көлемімен "БИПЭК АВТО" жабық акционерлік қоғамының Өскемен автомобиль құрастыру зауытына;
- 2) 700000000 (жеті жүз миллион) теңге қаржыландыру көлемімен шағын бизнесті, өңдеу өнеркәсібін және ауыл шаруашылығын қолдау.

2. Жергілікті инвестициялық жобаларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 қыркүйектегі N 1139 P011139_ қаулысымен бекітілген Жергілікті атқарушы органдардың орта мерзімді валюталық мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, өтеу және оларға қызмет көрсету ережесіне сай 2700000000 (екі миллиард жеті жүз миллион) теңге көлемінде жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздарын шығару жолымен "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999

жылғы 2 тамыздағы

Z990464_

Заңына сәйкес белгіленген жергілікті атқарушы органның борыш лимиті шегіндегі заемдарды заңнамада белгіленген тәртіппен тарту туралы Шығыс Қазақстан облысы әкімінің ұсынысы қабылдансын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК